

«6D070400- Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»  
мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін ізденуге  
ұсынылған **Жекамбаева Майгүл Несіпалдықызының**  
**«Ақпараттық ресурстардың қауіпсіздік қатерін бағалау мен анализдеу**  
**әдістері»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

## СЫН ПІКІР

Қазіргі уақытта қоғамды ақпараттандыру күнделікті қалыпты жағдайға айналуға айналуда. Ертеректе адамдар Интернет желісі арқылы бір-біріне тек қана ақпарат алмасып келсе, бүгінде олар ақша, мүлік сынды құндылықтарды тасымалдау сияқты мүмкіндіктерге қол жеткізді. Мұндай мүмкіндіктермен қатар ақпараттық ресурстарға төнетін қауіптер де бір қатар көбейіп, олардың алуан түрлі типтері пайда бола бастады.

Мұндай жағдайда ұсынылып отырған *диссертациялық жұмыс тақырыбының маңыздылығы* өте жоғары болып табылады, себебі бұл тақырып аясындағы зерттеу ақпаратты қорғаудың қажетті деңгейін ақпараттық қауіпсіздік қатерін бағалау арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

*Диссертациялық жұмыстың міндеттері* диссертациялық жұмыста қойылған мақсатқа сәйкес: Ақпараттық қорғауға арналған аспапты таңдау мен жасауға септігін тигізетін сипаттама қоры негізіндегі көлемнің жиынтығын динамикалық анықтауға мүмкіндік беретін кортежді моделі, ақпараттық қауіпсіздік қатерін бағалау мен талдау әдісі және осы зерттеулердің эксперименталдық бөлігі болып табылады.

*Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми жаңалығы* Ақпараттық қауіпсіздік қатерлерін бағалау мен анализдеу жүйесінің алгоритмін құру болып, m-компоненттелген базалық кортежді моделінің негізінде, екі әдіс әзірленген – детерминделген орта үшін FirstM, нақты емес төмен нысандандырылған орта үшін SecondM әдістері және логикалық-лингвистикалық тәсілдерді қолдану арқылы ақпараттық қауіпсіздік қатерін бағалау мен анализдеу жүйелерін синтездеу әдіснамасы.

*Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы* әзірленген синтездің өңдеу әдіснамасының және жүйелердің құрылымдық шешімі негізінде ақпараттық қауіпсіздік қатерлерін бағалау мен талдау құралын жүзеге асыру алгоритмі мен біріктірілген мәліметтер қоры негізінде сипаттама қорының әр түрлі жинағын динамикалық түрде анықтайтын және қолданатын, детерминделген, анық емес, әлсіз құрастырылған ортада да икемдігін, функционалдығын және оны қолданудағы ыңғайлылығын көтеретін ақпараттық қауіпсіздік қатерді бағалау мен талдаудың қолданбалы бағдарламалық қамтамасы болып табылады.

*Алынған нәтижелердің ішкі біртұтастығын бағалау.* Диссертациялық жұмыс кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың барлық бөлімдері, сонымен қатар, алынған нәтижелері зерттеу мәселесі аясындағы мәселелермен біртұтас және бір-бірімен байланысқан болып табылады.

*Диссертация бойынша негізгі басылымдары, нәтижелер және қорытындысы.* М.Н.Жекамбаеваның диссертациялық жұмысының негізгі

нәтижелері ҚР БЖҒМ-ның ғылыми дәрежелер беру ережесіне сәйкес болып, 15 ғылыми жарияланымда, соның ішінде Scopus деректер қорына кіретін журналда 1 мақала, ҚР БЖҒМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынған баспаларында 5, халықаралық және Қазақстандық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 9 мақала жарияланған. Зерттеу нәтижелері Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің «Ақпараттық қауіпсіздік» кафедрасы, Ұлттық авиациялық университетінің «Ақпараттық технологиялар қауіпсіздігі» кафедрасының (Киев қаласы, Украина) оқу үрдістеріне, сонымен қатар «Ақпараттық технологиялар қауіпсіздігі» «ДЕЛЬТА» (Киев қаласы, Украина) және «QUARES» ЖШС (Алматы) ендірілген.

#### **Диссертацияның мазмұны және рәсімделуі бойынша кемшіліктер.**

1. «БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР» бөліміндегі ақпараттар МЕСТ-ке сәйкес алфавит бойынша орналастырылмаған, диссертациялық жұмысты оқуда ыңғайсыздыққа әкеледі;

2. Қазақ тіліндегі кейбір сөздер орнымен қолданылмаған, әрі кейбір терминдерді қолдануда біркелкілік жоқ (мәселен, әзірленген сөзінің орнында өңдеу сөзі; диссертацияның кейбір бөліктерінде программа мен бағдарлама сөздері; анализдеу мен талдау т.с.с. кездеседі);

3. Әдебиеттерге сілтейтін, бір сілтеме бірнеше рет қайталанғанда оның беттері көрсетілмеген.

4. Диссертациялық жұмыстың «Кіріспе» бөлімінің ішкі «Мақалалар» бөлігінде жарияланған мақалалар саны 16 деп көрсетілген, бірақ әдебиеттер тізіміндегі сілтемелерде 15 жарияланым көрсетілген;

5. Диссертациялық жұмыс Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың №757.МОН.ГФ.15.ИИТ.6 «Ақпараттық қауіпсіздік Биометрикалық стандарттар қолдау жөніндегі ғылыми-зерттеу, үйлестіру, өзгерту және тіркеу» ғылыми-зерттеу жобасының және Ұлттық авиация университетінің (Украина, Киев қаласы) «Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздік қатерін бағалау әдістемесі» ғылыми-зерттеу жұмысы (тіркеу №14.01.05 нөмірі 105) аясында жүзеге асырылғандығы көрсетілген, бірақ дәлел ретінде қосымшада көрсету қажет еді.

6. Бірінші бөлім нәтижесі бойынша ақпараттық қорғаудың тапсырмаларын шешетін тиімді аспапты жасау мен таңдау үшін қолданылатын кіріс, ішкі және сыртқы параметрлерді анықтау мақсатында бар болған стандарттарды, әдістерді, әдістемелерді, әдіснамаларды және программалық қатерді бағалау мен анализдеу құралдарын зерттеу мен талдаудың нәтижелерін белгілі бір критерий бойынша графигін немесе диаграмма ретінде ұсыну диссертациялық жұмыстың көрнекілігін арттыруға және бірінші бөлімдегі белгілі ақпараттарды едәуір қысқартуға мүмкіндік берер еді, себебі бірінші бөлім 50 беттен тұрады.

7. Кейбір формулалар мен есептеулер нөмірленбеген және олардың құрамдық бөліктері сипатталмаған (52, 53, 76 бет т.с.с.).

Көрсетілген ескертулерге қарамастан, жалпы М.Н.Жекамбаеваның диссертациялық жұмысы қажетті ғылыми-әдістемелік деңгейде жазылып, ақпараттық қауіпсіздік және есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы көкейкесті мәселелерді шешуге арналған, аяқталған толық зерттеу жұмысы болып табылады.

Жалпы жоғарыда айтылған негіздемелерге сүйене отырып, М.Н.Жекамбаеваның философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Ақпараттық ресурстардың қауіпсіздік қатерін бағалау мен анализдеу әдістері» тақырыбындағы диссертациясы ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес, ал автор мамандық бойынша философия докторы яғни PhD дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Алматы энергетика және  
байланыс университеті  
«IT-инжиниринг» кафедрасының  
менгерушісі, PhD,  
ХАА академигі

Картбаев Т.С.

Қолтаңбаны растаймын  
Подпись заверяю  
Бөлім бастығы  Д. Капанова  
« 11 » 12 20 17 ж.

